

Өсімдік шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 231 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 шілдеде № 4431 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 2 қыркүйектегі № 380 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 02.09.2016 № 380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы Қағидаларының 5-тармағына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

Ақтөбе облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 1 шілдедегі № 215 "Өсімдік шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3963 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 шілдеде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.С. Жұмағазиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А.Мұхамбетов

Келісілді:

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А.Мамытбеков

"25" маусым 2015 ж.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2015 жылғы 29 маусымдағы
№ 231 қаулысына
1-қосымша

Ақтөбе облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі

P/с №	Басым дақылдардың атауы
1.	Жазғы жұмсақ бидай
2.	Қатты бидай
3.	Күзгі дәнді дақылдар (дәнге, шөпке, пішендемеге)
4.	Арпа, сұлы, тары
5.	Дәндібұршақ дақылдар
6.	Майлы дақылдар (күнбағыс, мақсары)
7.	Картоп (дәстүрлі суару тәсілі)
8.	Тамшылатып немесе спринкерлік суару тәсілмен өндірілетін картоп
9.	Көкөніс-бақша дақылдары (дәстүрлі суару тәсілі)
10.	Тамшылатып немесе спринкерлік суару тәсілмен өндірілетін көкөніс-бақша дақылдары
11.	Бір жылдық мал азығы дақылдар
12.	Ағымдағы жылғы егісінің көпжылдық дәнді мал азығы дақылдары (өткен жылдардың егісінен басқа)
13.	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін өткен жылдардағы егісінен басқа егілген (өткен жылдың күзінде егілгенімен қоса) көпжылдық дәнді мал азығы дақылдары (көп жылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ескеріледі)
14.	Бірінші, екінші және үшінші жылдарындағы көпжылдық бұршақ дақылдар
15.	Тамшылатып немесе спринкерлік суару тәсілмен өндірілетін сүрлемге (дәнге) жүгері және майлы дақылдар
16.	Суармада өндіретін мал азығы және жемшөп дақылдары, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші жылдарындағы көпжылдық бұршақ дақылдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК